

“Келісемін”

Мектеп директоры: А.А.Алтаева



ДТЖО: А.А.Алтаева А.Тунгушбаева



Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»
іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен
2023-2024 оқу жылына арналған
СЫНЫП ЖЕТЕКШІ ЖОСПАРЫ

Сыныбы: 4 «А»

Сынып жетекшісі: У.Ирисбекова

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөлін алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін; - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жаксылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашырақ», «өкеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Өр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және тұтан жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесін қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- Елінің тарихын құрметтейді;
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары;

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін

қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің

тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейсік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу

т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

әрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жиярылау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Жасыл мектеп»
7. «9 ай- 9 іс-шара»
8. «Ата-аналар мектебі»
9. «Отбасы-орта мектеп» жобасы
10. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;

Қазақстан халқы Ассамблеясы Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Білім беру ұйымы директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.
- Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері;
- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.
- Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.
- Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- ❖ Төлеби аудандық білім бөлімі;
- ❖ Аудандық ішкі саясат бөлімі;
- ❖ Төлеби аудандық емханасы;
- ❖ Ленгир қалалық емханасы;
- ❖ Аудандық әлеуметтік қорғау және еңбекпен қамту бөлімі;
- ❖ Қосымша білім беру ұйымдары;
- ❖ Төлеби аудандық жергілікті полиция бөлімі;
- ❖ Төлеби аудандық мәдениет және спорт бөлімі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (хелісімі бойынша);

- ❖ Төлеби ауданы «Жастар ресурстар орталығы»

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиянды тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері;
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы;
11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру туралы бұйрығы;
12. Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық. Алматы 2023
13. Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы.
14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы
15. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
16. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)
17. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
18. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»(ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы)
19. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы)

**Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезіндегі
2023-2024 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер**

Қызметі	Мерей той иелері	Туылған айы	Өтілетін мерзімі	Нәтиже
ұғыз поэзиясының негізін қалаушы, барлық Шығыс мұсылмандарының жаны тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама	Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл	Қыркүйек	Қыркүйек	
әдебиеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, Мұхтар Әуезов Қорының Президенті	Мұрат Әуезовтің туғанына 80 жыл	Қыркүйек	Қыркүйек	
азақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург	Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл	Қыркүйек	Қыркүйек	
223-1277 жылдары билік құрған, Египетте мамлюк мемлекетінің негізін алаған Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ұлы	Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл	Қазан	Қазан	
азақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбексіңірген мұғалімі	Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл	Қазан	Қазан	
Ұлы жүздің биі Төле биінің туғанына 360 жыл XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Қазақ жырауы, мемлекет қайраткері	Бұқар жырау Қалқаманұлының туғанына 355 жыл	Қазан	Қараша	
азақтың батыры, көрнекті ақыны	Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл	Қазан	Қараша	
ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор	Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл	Қазан	Желтоқсан	
ақын, журналист, драматург, публицист, қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым	Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл	Қазан	Қаңтар	
азақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін ымынтас-тырушылардың бірі	Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл	Қазан	Қаңтар	
ақын, жазушы, драматург, публицист, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы	Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл	Қазан	Ақпан	
азақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ылайшысы, демократ ақыны	Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл	Қазан	Ақпан	
ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері	Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл	Қазан	Наурыз	
Қазақстанның Халық Қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы Сыйлық иегері, партизан-жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры	Қасым Қайсеновтің туғанына 105 жыл	Сәуір	Сәуір	
азақ жазушысы, редакторы. Ұлы Отан соғысының қатысушысы	Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл	Қазан	Сәуір	
азақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басшысы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі, жазушы	Гафу Қайырбековтің туғанына 95 жыл	Мамыр	Мамыр	

Абай күні

Жыл сайын 10 тамызда Қазақстанда Ұлы қазақ ақыны, ойшыл, ағартушы, жазбаша қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ Абай күні атап өтіледі. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың туған күні (1845 жылғы 10 тамыз) «Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 4 тамыздағы № 495 қаулысына сәйкес ресми түрде Қазақстанда мереке күні болып атап өтіледі.

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары, адалдық сағаты
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл
- ҚР Тілдер мерекесі ;
- «Мектеп-мейірім мекені» акциясы
- «Қауіпсіз мектеп» шаралары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» «Сәлем жана оқу жылы» ҚҰНДЫЛЫҚ: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ТАЛАП Индикатор:Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдыққа баулу	1 апта 6.09	Тәрбие сағаты «Bilim_quni» хәштергі	Сынып жетекші
2	«Ұлы Даланың ұлтаралық тілі»Қазақстан халқының тілдері күні ҚҰНДЫЛЫҚ: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ТАЛАП Индикатор: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту,білуге,жананы тануға күштар болу	3 апта 20.09	Сынып сағаты	Сынып жетекші
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП Индикатор:-Өзінің, отбасының, сыныптың, қоғамның бір мүшесі екенін сезіну	3 апта	Сынып сағаты Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші
4	«12- қыркүйек Отбасы күні, «Отбасы-бақыт мекені» «Бақытты балалық шақ» ҚҰНДЫЛЫҚ: АР-ҰЯТ Индикатор: -Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу -Отбасының ортасының абыройын асыру; - Өзінің, отбасының, сыныптың, қоғамның бір мүшесі екенін сезіну.	4 апта 27.09	Сынып сағаты әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші

5	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» ҚҰНДЫЛЫҚ: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	2 апта 13.09	Сынып сағаты әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші
Басқа бағыттар				
7	«Сіздің баланыз жаю жүргініші» / ата-аналар жиналысы/ ӨӨБ ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП Индикатор:-Өзің, отбасының сыныптың , қоғамның бір мүшесі екенін сезіну.	1 онкүндік	Жиналыс 1-4 сыныптар Хаттама . Келісім шарт	Тәрбие одағы Сынып жетекші
8	Салауатты өмір салтын насихаттау және насақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Мектеп спорты апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция денсаулық фестивалі «9 айға 9 іс-шара» «Сергіту сәті» челленджі ҚҰНДЫЛЫҚ: АР-ҰЯТ, ТАЛАП Индикатор:-Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану -Халқына адал қызмет ету	2 онкүндік	Сыныптан тыс іс шараларға қатысу	Төлеби аудандық мәдениет және спорт бөлімі . ДТЖО А.Тунгушбаева сынып жетекші дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері
9	«Бес терек» жобасы аясындағы жұмыстар «Құқықбұзушылықтың алдын алу - басты мақсат» ҚҰНДЫЛЫҚ: АР-ҰЯТ, ТАЛАП Индикатор:- Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану Кәмелетке толмағандар арасында суицид, құқық бұзушылық, зорлық- зомбылықтың алдын алу	4 апта	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары ролдік ойындар/сценарий	Төлеби АПБ-нің ЖПҚБ ЮПТ полиция инспектор Тәрбие одағы.Сынып жетекші.

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫНҒА ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Кобеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының айғыл перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Бес нәрсеге асық бол» Қазақ жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Кобеевтің туғанына 145 жыл ҚҰНДЫЛЫҚ: АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ Индикатор: - «Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту»; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Халқына адал қызмет ету Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.	1апта 11.10	#Bilim_quni хэштегі. Сынып сағаты	сынып жетекші
2	«Отбасылық дәстүрлер» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы ҚҰНДЫЛЫҚ: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ Индикатор: -Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлесқосу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу;	2апта 18.10	Сынып сағаты	сынып жетекші
3	«Білімді ұрпақ ертеңгі болашақ» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл ҚҰНДЫЛЫҚ: АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ Индикатор: -Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Дұрыс қарым-қатынас орната білу; Адал еңбекті құрметтеу;	Запта	Сынып сағатының жоспары	ДТЖО А.Тунгуш Сынып жетекші Кітапханашы Ұйымд. пед Тәлімгер

5	«Кідіріс жасап, айналана кара. Кісіге қиянат жасама, адалдыққа жол ізде ... Өткенді сараптап, келер күнді бағамда» ҚҰНДЫЛЫҚ: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ТАЛАП Индикатор: -Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; -Жастар арасындағы келеңсіздікке жол бермеу; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;	1 онкүндік	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары негізінде табиғатқа танымдық саяхат, ролдік ойындар	Телеби АПБ-нің ЖТБЖ ЮПТ аға учаскелік полиция инспекторы ДТДЖО А.Тунгушбаева Ұйымд пед сынып жетекші,
8	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» ҚҰНДЫЛЫҚ: АР-ҰЯТ, талап Индикатор: -Білуге, жананы тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану -Халқына адал қызмет ету	2 онкүндік	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарий, хаттама «Ашық есік» күні	Мектеп медбикесі, психолог ДТДЖО А.Тунгушбаева Ұйымд пед Педагог психолог Сынып жетекші
9	«Егеменді еліміздің Гимні» 25 қазан «9 ай-9 іс-шара» ҚҰНДЫЛЫҚ: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ Индикатор: - Білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.	4 онкүндік	Әлеуметтік бағдарланған флешмобтар Республика күніне орай өткізілетін Гимн челленджі	Ішкі саясат бөлімі Жастар ресурстар орталығы ДТДЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекші

КАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс
- Республикалық «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясы

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Бір отбасы-бір кітап» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы ҚҰНДЫЛЫҚ: АР-ҰЯТ, Индикатор: -Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу -Достарына, сыныптастарына отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; -Дұрыс қарым -қатынас орната білу	1 апта 8.11	Сынып сағатының жоспары Сыныпсағаты 1-4сыныптар	«Әкелер мектебі» ДТЖО Ұйымд. пед. Тәлімгер 1-4 Сынып жетекшілері
2	«Бала құқығы туралы не білеміз?» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ұлттық мүдде, талап Индикатор: -Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу -Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, - Отанның бірімшесі екенін сезіну -Дұрыс қарым-қатынас орната білу	4 апта 29.11	Сынып сағатының жоспары 1-4 - сыныптар	ДТЖО Сынып жетекші Кәсіби бағдар
3	15 қараша –Валюта күніне орай «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП	3 апта 22.11	Сынып сағаты	Тәрбие одағы сынып жетекші
4	«Қазақтың ұлттық тағамдары»	2 апта 15.11	Сынып сағаты	Тәрбие одағы Сынып жетекші
Басқа бағыттар				
1	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленждерді ұйымдастыру («Ғаламтор қауіпсіздігі») жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят Индикатор: - Ұлттық мәдениетті дәріптеу -Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, -Отанның бірімшесі екенін сезіну -Дұрыс қарым-қатынас орнату	1 онкүндік	Іс-шара жоспары 1-11 сыныптар ата-аналармен	ДТЖО 1-11 Сынып жетекшілер

2	Мектепшілік құқықбұзушылықтың алдын алу ҚҰНДЫЛЫҚ: талап, ұлттық мүдде Индикатор: - Ұлттық мәдениетті дәріптеу -Әдеп нормаларын ұстану -Дұрыс қарым-қатынас орнату білу	Үшінші - төртінші апта	Хаттама, бейнебаян дөңелек үстел	АІБ инспекторы ДТІЖО Сынып жетекші, мектеп психологі
3	PISA, TIMS, ББЖМ дайындық жұмыстарын жандандырудағы сынып жетекшілердің ролі ҚҰНДЫЛЫҚ: талап Индикатор: - Білуге, жаңаны тануға құштар болу 4,9 және жас ерекшелігіне қарай сыныптар таңдалады.	тұрақты	Тест. Әдістемелік көмек	Педогог психолог ДОЖО PISA, TIMS, ББЖМ тізіміне түскен мектептер Сынып жетекші
4	«Тоғызқұмалақ-дау» «Ұлттық мектепeligасы» жобасы ҚҰНДЫЛЫҚ: ұлттық мүдде, талап Индикатор: -Қоғам игілігі үшін қызмет ету -Адал сйбекті құрметтеу -Физикалық белсенді болу	Үшінші апта	«Мектеп спортының үздігі» жоғары айырым белгісін енгізу Жарыс 1-4 сыныптар	Аудандық спорт мектептері Аудандық оқушылар үйі Сынып жетекші Дене шынықтыру пәні мұғалімдері

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Будинг деген жау» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ұлттық мүдде Индикатор: -Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту білуге, жаңаны тануға құштар болу; -Халқына адал қызмет ету	1 апта 06.12	Сынып сағаты 1-4 сыныптар	Сынып жетекші
2	«Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар» (дәстүр мен ұрып жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят, ұлттық мүдде Индикатор: -Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу -Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту -Дұрыс қарым-қатынас орната білу	2 апта 13.12	Сынып сағаты	Сынып жетекші
3	«Ұлттық тәрбие ұлт болашағы» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	4 апта 27.12	Сынып сағаты	Сынып жетекші
4	Оқушы тәртібінің жолдағы жәнекөшедегі ережесі «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП	3 апта 20.12	Сынып сағаты	Сынып жетекші
Басқа бағыттар				
1	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ұлттық мүдде Индикатор: -Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу -Халқына адал қызмет ету	1 онкүн	Сыныптан тыс іс-шара Сурет көрмесі. Марапаттау, жариялау Сурет байқауы 1-4 сыныптар	Мектеп директоры Ардагерлер кеңесі ДТЖО 1-4 Сынып жетекшілері еңбек пәнінің мұғалімдері
2	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» («Балалар кітапханасы» жобасы)	2 онкүн	Сыныптан тыс іс-шара	Тәрбие одағы Сынып жетекші
3	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ұлттық мүдде Индикатор: -Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу -Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; -Дұрыс қарым-қатынас орната білу	3 онкүн	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші, жергілікті Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдері ДТЖО 1-4 сынып жетекшілері Тәлімгер

КАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

- Қысқы демалыс
- Д.Қонаев- ел үшін туған ұл
- Ұлттық есен

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	Абайлаңыз балақай жолда жүру ережелеріне байланысты («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1 апта 10.01	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
2	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	4 апта 31.01	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
4	«Дос және достық» («Балалар кітапханасы» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: талап Индикатор: -Ұлттық мәдениетті дәріптеу -Білуге жаңа нәрсені тануға құштар болу	3 апта 24.01	Сынып сағаты	Кітапханашы ДТДЖО 1-4 Сынып жетекшілері Кітапханашы
5	Гаджет және бала .Ғаламтор мен әлеуметтік желілер: зияни немесе пайдасы.	2 апта 17.01	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
Басқа бағыттар:				
1	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	2 онкүндік	Сыныптан тыс іс-шара	Тәрбие одағы Сынып жетекшісі
2	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп зиясы»)	1 онкүндік	Сыныптан тыс іс-шара	Тәрбие одағы

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Бұлақ көрсен, көзің аш» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1 апта 07.02	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

2	«Оқушы мәдениеті дегеніміз не?» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ұлттық мүдде Индикатор: -Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға үлес қосу	2 апта 14.02	Сынып сағаты	Ардагерлер және әкелер кеңесі ДТДЖО Сынып жетекші
3	«Кітап оқуды тоқтатқан адам, ойлауы да тоқтатыды.» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	3 апта 21.02	Сынып сағаты	Сынып жетекші
4	Достық, татулық – өмірдің қызығы.	4 апта 28.02	Сынып сағаты	Сынып жетекші
Басқа бағыттар:				
1	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы») ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят Индикатор: -Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу -Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу -Сөзіне берік, ісіне адал болу -Физикалық белсенді болу.	1 онкүндік	Сыныптан тыс іс-шара жоспары/сценарі.	Ата-аналар қауымдастығы ДТДЖО 1-11 с-ынып жетекшілері Психолог Әлеуметтік пед
2	PISA, TIMS, ББЖМ кезіндегі психологиялық ахуалды реттеу тапсырмалары ҚҰНДЫЛЫҚ: Талап Индикатор: -Білуге, жанын тануға құштар болу	Тұрақты	Н.Қырбасов А.Әульбекова М.Құрманбекова А.Дарганова. Әдістемелік көмек	PISA, TIMS, ББЖМ тізіміне түскен мектептегі PISA, TIMS, ББЖМ дайындах жұмыстарына жауапты маман ДОТЖО сынып жетекші
3	«Үйрен жақсы әдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят Индикатор: -Дұрыс қарым-қатынас орната білу -Сөзіне берік ісіне адал болу	3 онкүндік	Ата-ана сағаты	Сынып жетекші Педагог психолог

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүйеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Алғыс айту –парызым...» («Жасыл мектеп» акциясы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят Индикатор: -Қазақ тілін қолдану ыясын кеңейту -Адал еңбекті құрметтеу	1 апта 6.03	Сынып сағаты	Кітапханашы ДТЖО Сынып жетекші Ұйымд. пед Кітапханашы
2	«Ана –өмірдің гүлі» («Ата-аналар мектебі» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят, талап Индикатор: -Қоғам игілігі үшін қызмет ету -Адал еңбекті құрметтеу -Дұрыс қарым-қатынас орната білу	2 апта 13.03	Сынып сағаты	Аудандық білім бөлімі ДТЖО Сынып жетекші Ұйымд. пед
3	«Наурыз –жыл басы» (Жеткіншектің « Жеті жарғысы» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: талап Индикатор: -Қоғам игілігі үшін қызмет ету -Адал еңбекті құрметтеу -Дұрыс қарым-қатынас орната білу -Әдеп нормаларын сақтау	3 апта 20.03	Сынып сағатының жоспары, оқушы жұмысы, бейнематериал	Ата-аналарға пед.қолдау орталығы ДТЖО Ұйымд. пед Сынып жетекші Тәлімгер
4	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) («Ата-аналар мектебі» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят Индикатор: -Ұлттық мәдениетті дәріптеу халқына адал қызмет ету	4 апта	Сынып сағатының жоспары	Ата-аналар қауымдастығы ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
Басқа бағыттар				

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Алғыс айту – парызым.....» («Жасыл мектеп» акциясы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят Индикатор: -Қазақ тілін қолдану аясын кеңейту -Адал еңбекті құрметтеу	1 апта 6.03	Сынып сағаты	Кітапханашы ДТЖО Сынып жетекші Ұйымд. пед Кітапханашы
2	«Ана – өмірдің гүлі» («Ата-аналар мектебі» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят, талап Индикатор: -Қоғам игілігі үшін қызмет ету -Адал еңбекті құрметтеу -Дұрыс қарым-қатынас орната білу	2 апта 13.03	Сынып сағаты	Ауландық білім бөлімі ДТЖО Сынып жетекші Ұйымд. пед
3	«Наурыз – жыл басы» (Жеткіншектің «Жеті жарғысы» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: талап Индикатор: -Қоғам игілігі үшін қызмет ету -Адал еңбекті құрметтеу -Дұрыс қарым-қатынас орната білу -Әдеп нормаларын сақтау	3 апта 20.03	Сынып сағатының жоспары, оқушы жұмысы, бейнематериал	Ата-аналарға пед.қолдау орталығы ДТЖО Ұйымд. пед Сынып жетекші Тәлімгер
4	«Атадан-әсілет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) («Ата-аналар мектебі» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят Индикатор: -Ұлттық мәдениетті дәріптеу халқына адал қызмет ету	4 апта	Сынып сағатының жоспары	Ата-аналар қауымдастығы ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
Басқа бағыттар				

1	«Ізгіліктің бір ізі - аяғыс айту» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы) КҮНДІЛЫҚ: ар-ұят, ұлттық мүдде Индикатор: Сөзіне берік, ісіне адал болу	1 - онкүндік	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі атқалған қойылым	ДТЖО сынып жетекшісі ҚЫБЫ Ұйымдастыру Тәлімгер
2	«Сәлем-сөздің патшасы» КҮНДІЛЫҚ: ар-ұят, талпын Индикатор: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну - Салауатты өмір салтын ұстану. Адал еңбекті құрметтеу	2-онкүндік	Сыныптан тыс іс-шара	ДТЖО сынып жетекшісі

СӘУІР - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

- 1 сәуір - Театр күні
- 12 сәуір - Ғылым күні
- 15 сәуір - «Қозы Көрпеш-Баян сұғу» күні

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
КҮНДІЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Ұлттық киім - ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1 апта 03.04	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
2	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі» жобасы) КҮНДІЛЫҚ: ұлттық мүдде, ар-ұят Индикатор: Достарын, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу. - Дұрыс қарым-қатынас орната білу	2 апта 10.04	Сынып сағатының жоспары, оқушылардың өз отбасы туралы ойы	Ата-аналар академиясы Әкелер кеңесі ДТЖО 1-4 сынып жетекшілері Педагог психолог
3	«Өрзе Қазақстан» («Жеткіншектің Жеті жарығы» жобасы)	3 апта 17.04	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
4	Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Жолда жүру ережесі.	4 апта 24.04	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Мектеп медбикесі

1	«Кітапханаға саяхат» («Жеткіншектің жеті жарғысы») ҚҰНДЫЛЫҚ: Талап, ұлттық мүдде, Индикатор: - Білуге жанданы тануға құштар болу Шешім қабылдай білу және жауапкершіліктесіну	1 онкүндік	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі Сынып сағаты	Кітапханашы ДТЖО Сынып жетекші Кітапханашы Ұйымд. пед
2	«Birge-taza Qazaqstan» экологиялық акциясы ҚҰНДЫЛЫҚ: талап, ұлттық мүдде Индикатор: - Қоғам игілігі үшін қызмет ету - Адал еңбекті құрметтеу - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау	2 онкүндік	Сынып сағатының жоспары, абағтандыру, қоғалдандырушаралары	«Әжелер алқасы» Мектеп әкімшілігі ДТЖО Сынып жетекші Ұйымд. пед
3	«Сөз кәдірі – өз кәдірі» («Жеткіншектің жеті жарғысы») ҚҰНДЫЛЫҚ: ұлттық мүдде, Индикатор: - Қазақ тілін қолдану аясын кеңейту - Ұлттық мәдениетті дәріптеу	3 онкүндік	Сынып сағатының жоспары/сценаріі	ДТЖО сынып жетекші Тіл мамандары

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Акын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
-

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1		1 апта	Сынып сағатының жоспары	Әкелер кеңесі ДТЖО 1-4Сынып жетекшілері Тәлімгер
2	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің жеті жарғысы») жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: Талап, ұлттық мүдде, Индикатор: - Ұлттық мәдениетті дәріптеу - Өзін, отбасын, сыныбын, мектептің, - Отанның, қоғамның бір мүшесі екенін сезіну	2 апта 08.05	Сынып сағатының жоспары	Мектеп әкімшілігі Әкелер кеңесі Сынып жетекші
3	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы») жобасы	3 апта 15.05	Сынып сағатының	ДТЖО Сынып жетекші

	Индикатор: -Халқына адал қызмет ету ұлттық мәдениетті дәріптеу		жоспары	Тәлімгер
4	«Менің кіші Отанымның картасы»,Қауіпсіздік ережелері,ЖЖЕ	4 апта 22.05	Сынып сағатының жоспары	АББ білім беру ұйымдары КББҮ ДТЖО сынып жетекші Тәлімгер
	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ұлттық мүдде, Индикатор: -Халқына адал қызмет ету ұлттық мәдениетті дәріптеу			
Басқа бағыттар:				
1	«Оқырмандар отбасы» («Ата-аналар мектебі» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят Индикатор: -Ұлттық мәдениетті дәріптеу	1-өнкүндік	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	ДТЖО Сынып жетекші Кітапханашы Тәлімгер
2	«Адамдық борыш ар үшін» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: Талап,ұлттық мүдде, Индикатор: -Халқына адал қызмет ету -Достарына,сыныптастарына отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту	2-өнкүндік	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	АББ ДТЖО Сынып жетекші Кітапханашы Тәлімгер
3	«Отбасы FEST» фестивалі («Ата-аналар мектебі» жобасы) ҚҰНДЫЛЫҚ: ар-ұят, талап, Индикатор: -Қазақстанның имиджін көтеру -Өзін, отбасын, сыныбын, мектептің, -Отанның, қоғамның бір мүшесі екенін сезіну	3-өнкүндік	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі 1-11 сыныптар	Ата- аналар қауымдастығы Демеуші меценаттар ДТЖО КББП Сынып жетекші Ұйымд пед
4	Сыңғырла күміс қоңырау ҚҰНДЫЛЫҚ: Талап,ұлттық мүдде Индикатор Білуге,жаңаны тануға құштар болу,Қоғам игілігі үшін қызмет ету	4-өнкүндік	Салтанатты жиын	Мектеп әкімшілігі сынып жетекші